

Келісемін:

КМҚК "Көкпекті Толағайы"

бөбекжай-балабақшасының әдіскері:

Каримова М.С. ад. Каримов

« 26 » августа 2021ж.

Бекітемін:

КМҚК "Көкпекті Толағайы"

бобекжай-балтабакшынын менгерушісі

Тоимбаева Ж.Б. Замбаева

« 26 » августа 2021 г.



**Қазақ тілі пәнінің 2021-2022 оқу жылына арналған
перспективалық жоспары
«Ягодка» ересек тобы**

Пән мұғалімі: Омиралиева Г.М.

2021ж.

Қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Менің балабақшам»

Мақсаты: балаларды балабақшамен, әлеуметтік ортамен таныстыру.

Міндеттері:

- балабақшаға, топқа ондағы балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру;
- құрдастарымен бірігіп ойнау барысында балалардың шығармашылық, коммуникативтік, танымдық қабілеттерін ояту;
- бірлескен әрекетке топпен бірге әрекет етуге баулу.

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Менің балабақшам	Балабақша туралы түсініктерін кеңейтіп, сөздік қорларын байыту. Педагог сөзін тыңдай отырып өз ойын айта білу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.	02.09.2021
2 апта	Менің тобым	Қарапайым сұрақтарды түсіну және оларға қысқа сөйлемдермен жауап беру дағдысын қалыптастыру.	09.09.2021
3 апта	Менің сүйікті ойыншықтарым	Балаларды ойыншықтарды суреттеп сипаттау кезінде сөйлеудің қарапайым құрылымы туралы түсінігін қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Өз ойыншығына деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, күтіп ұстауға тәрбиелеу.	16.09.2021
4 апта	Жиһаздар	Жиһаз түрімен таныстырып, сөздік қорларын толықтыру. Зат есім мен сын есімдерді қолдана отырып, сөз тіркестерін құруға үйретуді жалғастыру. Сөздердегі дыбыстарды анық айтуға үйрету.	23.09.2021
5 апта	Жиһаздар (Қайталау)	Киіз үй жиһаздарымен таныстыру	30.09.2021

Қазан айы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорын, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;

Міндеттері:

- отбасындағы ана, әке, әже, ата, аға, іні, апа, сіңілі сөздерінің мәнін түсіну;
- ата-аналармен бірлескен әрекетке баулу;
- отбасы мүшелеріне жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу;

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Менің отбасым. Ата –аналар еңбегі	Балалардың тіл байлығын, ой-өрістерін, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сұрақтарға толық жауап беруге жаттықтыру.	07.10.2021
2 апта	Менің көшем	Өздері туралы көшелері жайында баяндап беруге үйрету. Тәрбиеші қойған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.	14.10.2021
3 апта	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Өз ісіне ұқыпты болып, үлкендердің айтқанын тыңдауға тәрбиелеу.	21.10.2021
4 апта	Алтын күз	Балаларға табиғаттағы күзгі құбылыстар туралы түсінік беру, күз мезгіліндегі құбылыстармен таныстыру.	28.10.2021

Қараша айы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың-жаны сау»

Мақсаты: денсаулық туралы түсініктерін кеңейту, денсаулықты күту ережелерін үйрету

Міндеттері:

- денсаулық, «Денсаулық – зор байлық» қағидасының мәнін түсіну;
- салауатты өмір салтын сақтауға баулу;
- денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу;

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Өзім туралы	Ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдап, түсіне білуге үйрету. Өзі туралы мағлұмат айтуға үйрету.	04.11.2021
2 апта	Дұрыс тамақтану. Дәрумендер.	Дәрумендердің адам ағзасына тигізетін пайдасы жайлы айту. Балалардың сөйлеу тілін жаттықтыру.	11.11.2021
3 апта	Өзіңе және өзгелерге көмектес	Адамгершілікке тәрбиелей отырып, басқаларға көмектесу игі іс екенін түсіндіру.	18.11.2021
4 апта	Біз күштіміз, ептіміз	Спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіндіру. Спорттық жаттығудың маңызын түсіндіру.	25.11.2021

Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру, патриоттық сезімдерін ояту;

Міндеттері:

- Туған жер, Отан туралы түсінік беру;
- Бас қала туралы мәлімет беру, балалардың сөздік қорын байыту;
- Туған жерді қорғауға, аялауға тәрбиелеу;

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Тарихқа саяхат	Тәуелсіздік сөзіне түсінік беріп, «тәуелсіз», «егемен» деген сөздердің мағанасын түсіндіру.	02.12.2021
2 апта	Туған өлкем	Балалардың тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету. «Отан» сөзінің мәнін түсіндіру.	09.12.2021
3 апта	Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)	ҚР-ның Тұңғыш Президентінің өмір жолымен таныстыру. Өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілік баулу.	23.12.2021
4 апта	Мемлекеттік рәміздер	Мемлекеттік рәміздермен таныстыру.	30.12.2021

Қаңтар айы

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Туған өлкенің өсімдіктері мен жануарларын таныстыру, өсімдіктер мен жануарларды қорғауды үйрету;

Міндеттері:

- өсімдіктер мен жануарлар туралы түсінік беру;
- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауды үйрету;
- өсімдіктер мен жануарларды қорғауға тәрбиелеу.

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Айналамыздағы өсімдіктер	Өсімдіктер жайлы әңгімелесу барсында байланыстырып,сөйлеу кабілеттерін дамыту.	06.01.2022
2 апта	Жануарлар әлемі	Жануарлар түрлері олардың тіршілік мекендері жайлы түсініктерін кеңейту. Сөз және сөз сөздіктерін кеңейту.	13.01.2022
3 апта	Құстар біздің досымыз	Құстар туралы түсінік беру. Құстардың түрлерімен таныстыру. Құстардың тіршілігі туралы түсінік беру.	20.01.2022
4 апта	Ғажайып қыс	Қыс мезгілін түсіндіру. Қыс айларымен таныстыру. Қыста ойнайтын ойын түрлерімен таныстыру.	27.01.2022

Ақпан айы

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: қоршаған орта туралы түсініктерін дамыту, сөзік қорларын байыту;

Міндеттері:

- табиғатты қорғау, аялау біздің міндетіміз екенін түсіндіру;
- бізді қоршаған әлем туралы түсініктерін дамыту;
- табиғат аясында өзін мәдениетті ұстауға, қоршаған ортаны ластамауға тәрбиелеу.

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Ғажайыптар әлемі	Табиғатты сүйуге тәрбиелеу, тіл байлықтарын дамыту.	03.02.2022
2 апта	Көліктер	Көліктер, оларды қолдану аясы туралы түсінік беру.	10.02.2022
3 апта	Электроника әлемі	Балаларға Э дыбысының айтылу ерекшелігін түсіндіру. Электроника жөнінде мәлімет беру.	17.02.2022
4 апта	Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандықтар туралы түсінік беру. «Кім болам?» тақырыбында әңгімелесу.	24.02.2022

Наурыз айы

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Мақсаты: қазақ халқының салт-дәстүрлерімен әдет – ғұрпының мәнін ұғындыру;

Міндеттері:

- салт-дәстүр, фольклор туралы түсіндіру;
- балалардың бойына адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- салт-дәстүрді дәріптеуге, сыйлауға үйрету.

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері	Наурыз мерекесі туралы түсінік бере отырып, ұлттық мереке құндылығын түсіндіру.	03.03.2022
2 апта	Ертегілер елінде. Театр әлемі.	Ертегі айту. Қазақ ертегілерін насихаттау. Ертегі кейіпкерлерін сомдау, суреттерін салу.	10.03.2022
3 апта	Өнер көзі халықта	Өнер түрлерімен таныстыру, өнер адамдары жайында мәлімет беру.	17.03.2022
4 апта	Нұрын төккен гүл көктем!	Көктем мезгілі жайында түсінік беру. Көктем ерекшелігімен таныстыру.	24.03.2022
5 апта	Нұрын төккен гүл көктем! (/Қайталау)	Көктем мезгіліндегі тіршілікпен таныстыру. (Ағаштардың бүршік жаруы, көктемгі еңбекпен таныстыру)	31.03.2022

Сәуір айы

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор боламыз»

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу

Міндеттері:

- танымдық және шығармашылық қасиеттерін дамыту;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
- балалардың еңбек дағдыларын жетілдіруге тәрбиелеу.

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Гүлмен әшекейлейміз	Әдемілік туралы түсініктерін кеңейту, шығармашылыққа баулу.	07.04.2022
2 апта	Ас атасы –нан	Нанның бидайдан жасалатынын туралы айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі еңбекпен таныстыру.	14.04.2022
3 апта	Жәндіктер.Қосмекенділер	Жәндіктер, қосмекенділер туралы түсініктерін қалыптастыру, танымдық деңгейлерін дамыту	21.04.2022
4 апта	Достарымызға көмектесуді үйренеміз	Дос болуға үйрету, қамқорлық жасауға тәрбиелеу	28.04.2022

Мамыр айы

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Мақсаты: балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, достық сезімге, мейірімділікке тәрбиелеу;

Міндеттері:

- балалардың топтағы қарым-қатынасын дағдыларын дамыту;
- өз еліне деген сүйіспеншіліктерін дамыту;
- достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

	Тақырыпша	Мақсаты	Мерзімі
1 апта	Достық біздің тірегіміз	Дос, достық туралы түсінік беру. «Менің досым» тақырыбында әңгіме құрауға үйрету	05.05.2022
2 апта	Отан қорғаушылар	Қазақ сарбазы туралы түсінік беру. Отан қорғаушылар туралы түсініктерін кеңейту.	12.05.2022
3 апта	Көңілді жаз	Жаз мезгілі туралы түсінік беру. Жаз қызықтары сурет көрмесі	19.05.2022
4 апта	Мен жасай аламын	Қолөнерге үйрету. Ұлттық өнермен таныстыру. Қол бұйымдарын жасау.	26.05.2022